

Хаттама №7

Бақылау кеңесінің кезектен тыс отырысы «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК

«08» қараша 2019г.

Алматы ауд., Қарғалы т.а.

Отырыс орны: Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Қарғалы тұрғын алабы, А.К.Құрғылов көшесі, 19б, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК, бөлме – №1.

Отырыстың басталу уақыты: сағ.16:00

Отырыстың аяқталу уақыты: сағ.17:10

Отырыстың өткізу түрі: бетпе-бет.

Отырысқа қатысқан Бақылау кеңесінің мүшелері:

1. Демегенов Есентемир Елеусинович – ШЖҚ «Темір орталық аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігері;
2. Жанабаев Алтынбек Жалғасбаевич - ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас дәрігері;
3. Имансу Ольга Васильевна – ШЖҚ «Ақтөбе облыстық тері-венерологиялық диспансері» МКК бас дәрігері;
4. Амангалиев Руслан Калыбаевич – жеке кәсіпкер;
5. Альжанов Нурбек Сагнаевич – Ақтөбе облысының қорғаушылар алқасының Қорғаушысы.

Қатыспаған мүшелер:

1. Дуйсенбаева Айгуль Кангереевна – Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары;
2. Нармухамедов Жанвек Караевич – ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК бас дәрігері;

Кворумның болуы анықталды. Кәсіпорынның Бақылау кеңесі отырысы заңды деп танылады, бақылау кеңесінің барлық мүшелеріне отырыстың өтетін орны мен уақыты хабарланды, отырыста Бақылау кеңесінің жартысынан артық мүшесі қатысуда.

Шақырылған адамдар:

- 1) Мамбеталина Л.И. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас есепші;
- 2) Масловская В.А. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК экономист;
- 3) Иманбаев К.С. - ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Мухит К.М. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК ЕҚ және ТҚ инженері;
- 5) Кыдырбаев Т.Ж. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК методист дәрігер;
- 6) Умирзаков М.С. – ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі;

Отырыстың күн тәртібі

1. Магаджан (ФАП), Украинка (ФАП), Акшат (ФАП), Беккул Баба (ДА) елдімекендерінде медициналық қызмет көрсетуге арналған ғимараттарды жалдауға, «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС ұсынған коммерциялық ұсынысын қарастыру;
2. Мемлекеттік сатып алудың 2020 жылға арналған алдын ала жоспарына 2020 жылға жүргізушісімен жеңіл автокөліктерін жалға алу қызметін қосуды қарастыру;
3. Қарғалы қалалық ауруханасында «Қарғалы қалалық ауруханасы екі қабатты ғимаратының күрделі жөндеуі» жүргізілгендігіне байланысты, аурухананың жарғылық капиталының ұлғаюын қарастыру.

ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК Бақылау кеңесінің төрағасы – Демегенов Е.Е.: Құрметті бүгінгі Бақылау кеңесінің қатысушылары, Бақылау кеңесінің мүшелері, шақырылған жауапты мамандарын таныстырып өтейін, ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК-ның Бақылау кеңесінің төрағасы Демегенов Есентемир Елеусинович – ШЖҚ «Темір орталық аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігері, Бақылау кеңесі мүшелері: Жанабаев Алтынбек Жалғасбаевич – ШЖҚ «Қарғалы

калалық ауруханасы» МКК бас дәрігері, Имансу Ольга Васильевна – ШЖҚ «Ақтөбе облыстық тері-венерологиялық диспансері» МКК бас дәрігері, Амангалиев Руслан Калыбаевич – жеке кәсіпкер, Альжанов Нурбек Сагнаевич – Ақтөбе облысының қорғаушылар алқасының Қорғаушысы, және шақырылған мамандар: Иманбаев К.С. – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, Мамбеталина Лаззат Изтлеуқызы – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК бас есепші, Масловская Валентина Алексеевна – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК экономист маманы, Мухит Куаныш Мухитұлы – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК ЕҚ және ТҚ инженері, Кыдырбаев Тахуадин Жұмабекұлы – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК методист дәрігер, Умирзаков Миралы Сералиевич – ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК мемлекеттік сатып алу есепшісі, және Бақылау кеңесінің хатшысы Демеубаева Сарыалка Турымтаевна.

1. Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша ШЖҚ «Қарғалы калалық ауруханасы» МКК М.С. Умирзаков – мемлекеттік сатып алу есепшісі баяндады:

2018 жылдың наурыз айынан бастап, «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-мен Магаджан (ФАП), Украинка (ФАП), Акшат (ФАП), Беккул Баба (ДА) елдімекендерінде медициналық қызмет көрсетуге арналған ғимараттарды ақысыз жалдауға жасалған келісім шарттары болатын. Қазіргі таңда жалға беруші «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС медициналық ғимараттарды өзіне қолайсыздық туғызғандықтан, ақысыз түрде жалға бере алмайтынын айтып, «30» қыркүйек 2019 жылы шығ.№08 хабарламасымен шарттарды 2019 жылы «31» қазан күнінен бастап бұзды. Осы орайда аурухана бас дәрігері шығ.№1-1/1478 «21» қазан 2019 жылы Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасына жоғарыда аталған елдімекендерде ауруханаға тіркелген халыққа медициналық қызметтерді уақытында көрсетуге бос ғимараттар бөлуіне сұраныс хаты жолданған болатын. Алайда хатқа жауап болмады.

Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары К.С. Иманбаев:

Қазіргі уақытта халыққа тоқтаусыз медициналық қызметті көрсетуге ғимараттар қажет. Осыған орай «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-нің коммерциялық ұсынысын қарастыруды ұсынды.

Сөз кезегі Л.И. Мамбеталинаға– аурухананың бас есепшісіне берілді:

Келісім шарттар бойынша жоғарыда айтылған осы төрт объектідегі ғимараттарды ақысыз пайдаланып келдік. Коммуналдық төлемдерін уақытында, жалға берушіге жіберген счет-фактурасымен осы уақытқа дейін уақытында төлелінді. Өзара есеп айырысуды салыстыру актісімен осы күнге «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС ауруханаға 108 773,89 теңге қарыз ақшасы бар. Өйткені аурухана тарапынан коммуналдық төлемге алдын ала артық төленген болатын.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – бақылау кеңесі мүшелері «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-нің коммерциялық ұсынысымен танысты. Салыстырмалы түрде таңдау жасауға баламалы таңдау (альтернатива) жоқ.

Кімде қандай сұрақтар бар? Бақылау кеңес мүшелері өз ойларыңызды ортаға салсаңыздар?

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: - менің ойымша келісім шартты осы жылдың соңына дейін, яғни «31» желтоқсанға дейін жасасу керек. Келесі жылғы қаражат бөлінуіне де қарайлау керек, және де жалға берушінің коммерциялық ұсынысының бағаларында ескеру қажет. Бұл жерде бір айға бір ғимаратты пайдалануға:

1) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Украинка тұрғын алабы, 101А учаске (ФАП), объектінің жалпы алаңы – 215,7 кв.м., 33 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңге;

2) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Ақшат тұрғын алабы, 47В учаске (ФАП) объектінің жалпы алаңы – 215,2 кв.м., 17 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңге;

3) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Бекқұл Баба тұрғын алабы, Центральная көшесі, 1Д учаске (ДА) объектінің жалпы алаңы общая – 386,4 кв.м., 33 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Дәрігерлік амбулатория» - 500 000,00 теңге;

4) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Мағаджан тұрғын алабы, 515В учаске (ФАП) объектінің жалпы алаңы – 212,7 кв.м., 17 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңгені құрайды.

Бақылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – бастапқы құжаттары барма осы дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік-акушерлік бөлімдердің?

Аурухананың бас есепшісі Л.И. Мамбеталина жауап берді: Иа бар техникалық паспорттары мен меншік иесі туралы мәліметтері түпнұсқаларын көрсетті, көшірмелері алынды.

Бақылау кеңесінің мүшесі Имансу О.В.: Украинка, Ақшат, Мағаджан, Бекқұл Баба елдімекендерінде осы күнгі тіркелген тұрғындардың саны қанша және ауруханаға арақашықтығы қандай?

Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары К.С. Иманбаев: ауруханаға қарасты осы төрт елдімекендерде үш жалпы тәжірибе дәрігерлері қызмет жасауда. Соның ішінде жіктеп айтатын болсам, ФАП Мағаджанда 18 ЖТД А.О. Ерекешовада тіркелген ер адам саны – 463, әйел адам саны – 489, оның ішінде балалар 327 құрайды. Арақашықтығы 10 км құрайды.

ФАП Ақшатта А.О. Ерекешова 20 ЖТД-де ер адам саны – 472, әйел адам – 497, балалар – 300, ауруханадан арақашықтығы 35 км құрайды.

ФАП Украинканың ауруханадан арақашықтығы 5 км және 4 ЖТД А.Е. Кожаметовада тіркелген ер адам саны – 743, әйел адам – 684, балалар саны – 306 құрайды.

Бекқұл Баба елдімекенінде орналасқан аурухананың дәрігерлік амбулаториясының арақашықтығы 35 км, және 7 ЖТД И.К. Абдрашеваға қарайды. Тіркелген ер адам саны – 751, әйел адам – 719, балалар саны – 456. Осы «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-нің ғимараттары медициналық қызмет көрсетуге арналып салынған объектілер. Халыққа қызмет көрсетуге өте ыңғайлы жерде орналасқан. Жаңадан салынған ғимараттар.

Бақылау кеңесі төрағасы және мүшелері, «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-нің ұсынған коммерциялық ұсынысын талқылап, қарастыра келе, шақырылған аурухана мамандарын тыңдай келе, дауыс беру арқылы,
ШЕШТІ:

1. «Қарабұлақ Құрылыс» ЖШС-нің коммерциялық ұсынысы бойынша:
- 1) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Украинка тұрғын алабы, 101А учаске (ФАП), объектінің жалпы алаңы – 215,7 кв.м., 33 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңгеге;
 - 2) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Ақшат тұрғын алабы, 47В учаске (ФАП) объектінің жалпы алаңы – 215,2 кв.м., 17 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңгеге;
 - 3) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Беккул Баба тұрғын алабы, Центральная көшесі, 1Д учаске (ДА) объектінің жалпы алаңы общая – 386,4 кв.м., 33 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Дәрігерлік амбулатория» - 500 000,00 теңгеге;
 - 4) Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Магаджан тұрғын алабы, 515В учаске (ФАП) объектінің жалпы алаңы – 212,7 кв.м., 17 бөлмеден тұрады, арналу мақсаты «Фельдшерлік-акушерлік бөлім» - 300 000,00 теңгеге келісім шартты 11 қараша 2019 жыл – 31 желтоқсан 2019 жыл аралығына жасауға, және әрі қарай Бақылау кеңесінің шешімін жүзеге асырып, тиісті рәсімдерді заңды тәртібімен жасалсын.

Дауыс беру қорытындысы:

ИА – 5 дауыс, ҚАРСЫ – жоқ, БЕЙТАРАП – жоқ.

Шешім қабылданды: 5 дауыспен.

2. Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары К.С. Иманбаев баяндады:

Аурухананың теңгеріміне ауруханадан шалғай жатқан 10 шақты дәрігерлік амбулаториялары және медициналық пунктері, фельдшерлік акушерлік пунктері кіреді. Халыққа уақытылы күні-түні медициналық көмек көрсетілу мақсатында жедел жәрдем көмегін көрсету мақсатында және перзентхананың дәрігерлері мен емхананың дәрігерлерінің үздіксіз тәуліктік қызмет көрсетуі мақсатында мемлекеттік сатып алудың 2020 жылға арналған алдын ала жоспарына 2020 жылға жүргізушісімен жеңіл автокөліктерін жалға алу қызметін қосуды қарастыруларыңызды сұраймын. Өйткені кәзіргі таңдағы аурухананың теңгерімінде бар автокөліктер жетіспеушілігі туындады. Жедел жәрдем қызметіне арналған Уаз автокөліктерінен басқа жеңіл автокөліктер жүргізушісімен керек. Ауруханаға тіркелген халық саны күніге артуда. Сондықтан аурухананың жедел жәрдем қызметі автокөліктерге мұқтаж. Сол себепті ауруханаға 2020 жылға жүргізушісімен жеңіл автокөліктерін жалға алу қызметін алуға мемлекеттік сатып алудың 2020 жылғы алдын ала жоспарына қосуға ұсыныс білдіреді.

Бакылау кеңесінің төрағасы Е.Е. Демегенов: – қазіргі уақытта аурухана теңгерімінде қанша автокөліктер бар? Бұл автокөліктердің техникалық жағдайы қандай?

Мамбеталина Л.И. бас есепшісі жауап берді: Аурухана теңгерімінде 7 дана автокөлік бар.

Мухит К.М. ЕҚ және ТҚ инженері жауап берді: Уаз 4 дана, 3 дана жеңіл автокөлігі бар. Уаз 2 данасы автокөліктері және 1 дана жеңіл автокөлігіде жиі бұзылып, техникалық қадағалау бекетінде жиі жиі жөнделеді.

Бакылау кеңесі төрағасы және мүшелері, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары К.С. Иманбаевтың ұсынысын талқылап, қарастыра келе, шақырылған аурухана мамандарын тыңдай келе, дауыс беру арқылы,

ШЕШТІ:

1. Халыққа уақытылы күні-түні медициналық көмек көрсетілу мақсатында жедел жәрдем көмегін көрсету мақсатында және перзентхананың дәрігерлері мен емхананың дәрігерлерінің үздіксіз тәуліктік қызмет көрсетуі мақсатында мемлекеттік сатып алудың 2020 жылға арналған алдын ала жоспарына 2020 жылға жүргізушісімен 2 дана жеңіл автокөліктерін жалға алу қызметі қосылсын.

Дауыс беру қорытындысы:

ИА – 5 дауыс, ҚАРСЫ – жоқ, БЕЙТАРАП – жоқ.

Шешім қабылданды: 5 дауыспен.

3. Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК Мамбеталина Л.И. бас есепшісі – баяндады:

Қазіргі таңда жарғылық капиталының мөлшері 1 045 360 340,00 (бір миллиард қырық бес миллион үш жүз алпыс мың үш жүз қырық) теңгені құрайды. Осы жарғы капиталының мөлшерін ұлғайтуға ағымдағы жылы жүргізілген «Қарғалы қалалық ауруханасының екі қабатты ғимаратын күрделі жөндеу» жұмысы актілерінің және Қарғалы қалалық ауруханасының екі қабатты ғимаратын күрделі жөндеуіне авторлық қадағалау қызметі, техникалық қадағалау қызметі көрсетілген қызмет актілерінің негізінде 46 673 906,00 (қырық алты миллион алты жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз алты) теңгені құрайтын жалпы соманы, Кәсіпорынның қазіргі таңдағы жарғы капиталының мөлшеріне қосуға ұсыныс білдіреді.

Сонымен қатар, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №165 «Мүлікті Ақтөбе қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы» Қаулысы, және «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің 2019 жылғы 30 сәуірдегі №75Ө-§4 «Мүлікті Ақтөбе қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы» бұйрығы негізінде «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК-ы Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Благодар селолық округі, Пригородное ауылы, М.Әуезов көшесі, үй 24, тұрғын емес бөлме 3 объектісін «Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-не мүлікті коммуналдық меншікке қабылдау-тапсыру актісі арқылы тапсырды. Осыған орай

Кәсіпорынның жарғылық капиталынан 1 913 490,00 (бір миллион тоғыз жүз он үш мың төрт жүз тоқсан) теңгені азайтуға ұсыныс білдіреді.

Нәтижесінде Кәсіпорынның жарғылық капиталының құны 1 090 120 756,00 (бір миллиард тоқсан миллион бір жүз жиырма мың жеті жүз елу алты) тенге болады.

Бақылау кеңесі төрағасы және мүшелері, аурухана бас есепшісі Мамбеталинаның Л.И. ұсынысын талқылап, қарастыра келе, дауыс беру арқылы, **ШЕШТІ:**

1. Кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайтуға тиісті рәсімдері заңға сәйкес орындалып, Жарғы капитал құны ұлғайтылсын.

Дауыс беру қорытындысы:

ИА – 5 дауыс, ҚАРСЫ – жоқ, БЕЙТАРАП – жоқ.

Шешім қабылданды: 5 дауыспен.

Бақылау кеңесінің төрағасы:

Демегенов Есентемир Елеусинович

Бақылау кеңесінің мүшелері:

Амангалиев Руслан Калыбаевич

Жанабаев Алтынбек Жалгасбаевич

Имансу Ольга Васильевна

Альжанов Нурбек Сагнаевич

Бақылау кеңесінің хатшысы:

Демеубаева Сарыалка Турымтаевна

